

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 желтоқсандағы N 1749 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 12 ақпан N 120

Қазақстан Республикасы мұнайшы ардагерлерінің үндеуін және "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" ЖАҚ-ның өтінішін ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығы мерейтойын өткізу туралы" 1997 жылғы 11 желтоқсандағы N 1749 Р971749\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 53, 486-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтағы "25 сәуірі" деген сөздер "5 қыркүйегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) аталған қаулымен мақұлданған Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығына арналған негізгі шараларда:

реттік нөмірі 1-жолда, 3-бағандағы "1 қаңтарына дейін" деген сөздер "1 маусымына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2 - жолда:

2 - бағанда:

"Қазақстан мұнай өнеркәсібінің даму тарихына арналған "Қарашұңғылдан Каспий шельфіне дейін" деген көп сериялы деректі фильм түсіру" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан мұнайына 100 жыл" деген жалпы атаумен бейнероликтер циклін түсіру";

3-бағандағы "1 наурызына дейін" деген сөздер "наурыз-шілдесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3 және 4-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 5 - жолда:

2 - бағанда:

"Қарашұңғыл N 7 бірінші қазақ мұнай скважинасының орнында ескерткіш-стеланы орнату мен салтанатты ашуды көздеу" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарашұңғыл N 7 тұңғыш мұнай скважинасының орнында рәміздік белгіні орнату мен салтанатты түрде ашуды ұйымдастыру";

3-бағандағы "25 сәуірі" деген сөздер "4 қыркүйегіне дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6 және 7-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 8 - жолда :

3-бағандағы "1 қаңтарына дейін" деген сөздер "1 маусымына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4 - бағандағы :

"Ұйымдастыру комиссиясы, Қазақстан Республикасы Ардагерлерінің Орталық кеңесі, облыс әкімдері" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйымдастыру комиссиясы, "Қазақойл" ҰМК";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 10, 11, 12-жолдармен толықтырылсын:

"10. Астана қаласында салтанатты 1999 жылдың Ұйымдастыру жиналыс, жиналыс 3 қыркүйегі комиссиясы, қорытындылары "Қазақойл" ҰМК

бойынша баспасөз

конференциясын ұйымдастыру

11. Атырау қаласында "Қазақстан 1999 жылдың Ұйымдастыру мұнайына - 100 жыл. Каспий 5 қыркүйегі комиссиясы, маңы мемлекеттері ХХІ "Қазақойл" ҰМК

ғасырда" атты халықаралық

ғылыми-тәжірибелік

конференция ұйымдастыру

12. Үкімет делегацияларының 1999 жылдың Ұйымдастыру қатысуымен Атырау қаласында 5 қыркүйегі комиссиясы, Қазақстан мұнайының 100 "Қазақойл" жылдығына арналған салтанат ҰМК".

ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі